

ISSN 2073-333X
МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

№12 (146) 2020

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ
НАУКА И ЖИЗНЬ КАЗАХСТАНА
SCIENCE AND LIFE OF KAZAKHSTAN



Жаңа Жылмен!
С Новым годом!
Happy New Year!

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ – CONTENTS

ЗАҢ ҒЫЛЫМЫ – ЮРИДИЧЕСКАЯ НАУКА – LAW SCIENCE

Алаева Гульназ Турсуновна, Рехсон Светлана Николаевна К ВОПРОСУ О СОВРЕМЕННЫХ ВОЗМОЖНОСТЯХ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ СПЕЦИАЛЬНЫХ ЗНАНИЙ СПЕЦИАЛИСТА В ОЦЕНКЕ ИСТОЧНИКОВ ДОКАЗАТЕЛЬСТВ ПО УГОЛОВНЫМ ДЕЛАМ	19
Алаева Гульназ Турсуновна, Рехсон Светлана Николаевна О НЕКОТОРЫХ ИТОГАХ ОБСУЖДЕНИЯ КОНЦЕПЦИИ ПРОЕКТА ЗАКОНА «О ВНЕСЕНИИ ИЗМЕНЕНИЙ И ДОПОЛНЕНИЙ В НЕКОТОРЫЕ ЗАКОНОДАТЕЛЬНЫЕ АКТЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО ВОПРОСАМ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ СУДЕБНО-ЭКСПЕРТНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ» ...	23
Амирова Бота Кыдырхановна, Садуакасова Лаура Байкеновна ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ДАМУЫНА АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСТІК КОДЕКСТІҢ МАҢЫЗЫ	27
Барсукова Ритта Анатольевна, Нарбинова Миргуль Майдановна, Утанов Мухтархан Айдарханович ИНСТИТУТ ОСВОБОЖДЕНИЯ ОТ УГОЛОВНОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ: ПРОБЛЕМЫ ТЕОРИИ И ПРАКТИКИ	32
Байжуманова Айгерим Мажибековна, Серикова Лаура Серикқызы АҚПАРАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ ОБЪЕКТІСІ	40
Жумагулов Тимур Байжуманович, Дарибаев Ғалымжан Серікжанұлы ҚҰҚЫҚТЫҚ САНАНЫҢ ДЕФОРМАЦИЯҒА ҰШЫРАУ ПРОЦЕСІ	44
Кайбжанов Марат Жолмағамбетович УГОЛОВНАЯ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ЗА КРАЖУ ПО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВУ ЗАРУБЕЖНЫХ СТРАН	49
Кайбжанов Марат Жолмағамбетович ПРИЧИНЫ И УСЛОВИЯ СОВЕРШЕНИЯ КРАЖ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН	55
Хуандаг Бажай, Лавничак Артур МЕМЛЕКЕТТІК ЕГЕМЕНДІК ТУРАЛЫ ДЕКЛАРАЦИЯ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ДАМУЫНДАҒЫ ОРНЫ	64

ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫ – ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ НАУКА – PEDAGOGICAL SCIENCE

Ажғалиев Марат Қайыржанұлы, Бекмашева Ақтоты Нығметқызы ПЕДАГОГ МАМАННЫҢ СӨЙЛЕУ МӘНЕРЛІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ПАЙДАЛАНАТЫН ШЕШЕНДІК ҚҰРАЛДАР («Педагогикалық шешендіктану» курсы негізінде)	72
Айтмухаметова Куралай Узбековна, Бисмильдина Динара Досымжановна БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ҰЖЫМДЫ БАСҚАРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ ...	78
Ақынова Жібек Мұхтарқызы, Абдулина Меруерт Еркиновна ШЕТ ТІЛДЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ЖОБАЛЫҚ ӘДІСТЕМЕСІН ҚОЛДАНУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	83
Аманова Арай Кокораевна, Сармурзин Ербол Жанбырбаевич БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ	87
Ансоров Собир Муаззамович, Азизов Хусрав Умриддинович КОНТРОЛЬ ЗНАНИЙ СТУДЕНТОВ В УСЛОВИЯХ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ	90
Аслан Эльвира Асланқызы, Мұқашева Анар Бекетбаевна АРНАЙЫ БІЛІМДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРЫ БАР ОТБАСЫНЫҢ ПОЗИЦИЯЛАРЫНЫҢ АРНАЙЫ ТҮЛІЛІГІ	96
Aripzhan Gulnur Zhoiankyzy, Aydoskyzy Indira THE APPLICATION OF INNOVATIVE TECHNOLOGIES FOR MOTIVATING STUDENTS' SELF-EFFICIENCY	103
Ахметова Галия Мутиевна ТҰЛҒАЛЫҚ БАҒДАРЛЫ БІЛІМ БЕРУДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУДЫҢ МҮМКІНШІЛІКТЕРІ	110

Әрінова Бақыт Айтуовна, Бердібай Салтанат Орынбасарқызы ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ ПӘНІНІҢ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	116
Баракова Алия Шаризатқызы, Тастанова Айнура Серікқызы ОҚЫТУДЫҢ АЛТЕРНАТИВТІ ТҮРІ РЕТІНДЕ БЕЙНЕСАБАҚТАР ҚҰРУДЫҢ ҚАДАМДАРЫ МЕН ТАЛАПТАРЫ	122
Бекболганова Алма Кусаиновна, Төлеуханова Зауреш Махсеновна ЛОГИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ОҚУШЫЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ БІЛІМІНІҢ НЕГІЗГІ ЭЛЕМЕНТІ	126
Dennis Soltys THE CONCEPTS OF SOCIAL, CULTURAL, AND HUMAN CAPITAL IN EDUCATION AND THEIR ROLE IN ECONOMIC GROWTH	130
Досжанова Гүлсара Нуржигитовна ҚАШЫҚТЫҚТАН ТІЛДІ ОҚЫТУДАҒЫ ЗАМАНАУИ БАҒЫТТАР	135
Дүйсенбаев Абай Қабақбайұлы, Сулейменова Гульжанат Жалеловна ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ПАТРИОТТЫҚА ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ТАРИХИ САНАНЫҢ ТАҒЫЛЫМДЫҚ НЕГІЗДЕРІ ...	140
Doszhanova Gulsara Nurzhigitovna MODERN METHODS OF TEACHING ENGLISH	143
Китибаева Альфия Каныбековна, Жанкуатова Сымбат Муратовна АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ДӘУІРІНДЕ ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ	146
Түлекова Гульмира Мухамеджановна, Бельгибаева Альфия Кабдулловна ХАРАКТЕРИСТИКА ОСНОВНЫХ ПОДХОДОВ К ИЗУЧЕНИЮ ПРОБЛЕМЫ ДЕСТРУКТИВНЫХ ОТНОШЕНИЙ	150

ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ – ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ НАУКА – PHILOLOGICAL SCIENCE

Ағабекова Балжан Нұртайқызы, Дукенбай Салтанат Әлімқожақызы ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНЕ ЕНГІЗУ НЕГІЗДЕРІ	155
Azimkhan Fariza Talgatkyzy, Zhambylkyzy Marina PHRASAL VERBS IN THE PRACTICE OF TEACHING ENGLISH	159
Begilda Aigerim Aidarkyzy, Abuova Akzharkyn Tilesheva COMMUNICATIVE COMPETENCE AS A VALUE OF HUMANITY	
Begimbayeva Zhibek Saginbayevna, Utegenova Assel STUDY OF CENTRAL ASIAN NOMADS BY SCIENTIFIC SOCIETIES OF THE RUSSIAN EMPIRE (XVIII - BEGINNING OF XX CENTURIES)	166
Бисмильдина Динара Досымжановна, Айтмухаметова Куралай Убаековна ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ПУНКТУАЦИЯЛЫҚ БЕЛГІЛЕРДІ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕСІ	170
Дәдебаев Жанғара, Айтбаева Куннур Болатовна АБАЙДЫҢ «ҚАҚТАҒАН АҚ КҮМІСТЕЙ КЕҢ МАҢДАЙЛЫ» ӨЛЕҢІН ОРЫС, АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНЕ АУДАРУ МӘСЕЛЕСІ	174
Джумабекова Айнагуль Алтаевна АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ ИДЕЯЛАРЫ	180
Ду Вэйянь ЗНАЧЕНИЕ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТЕКСТА В ПРОЦЕССЕ ФОРМИРОВАНИЯ БИЛИНГВАЛЬНОЙ ЛИЧНОСТИ	184
Мухамбеткалиева Роза Казиевна, Есентемір Назерке Сайлауқызы ФОЛЬКЛОР ЖАНРЛАРЫНДАҒЫ ЫРЫМДАР МЕН ТЫЙЫМ СӨЗДЕР	188
Ескеева Мағрипа Қайнарбайқызы МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІ ЗЕРТТЕУДІҢ ЛИНГВОФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕМЕСІ	192
Оразбаева Фаузия Шамсиқызы ТІЛ БІЛІМІНІҢ РУХАНИ МҰРАСЫ	196
Оразбаева Фаузия Шамсиқызы, Оразалиева Эльмира Нұрланқызы ҰСТАЗ ШЕБЕРЛІГІ – БІЛІМ САПАСЫНЫҢ ӨЗЕГІ	201

Таусоғарова Аяжан Қайратқызы, Ақылжан Ақерке Қайратқызы ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АРЕНАДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ИМИДЖІ: ШЕТЕЛДІК БАҚ МӘТІНДЕРІНІҢ МОНИТОРИНГІ.....	205
---	-----

ӨНЕРТАНУ ҒЫЛЫМЫ – НАУКА ОБ ИСКУССТВЕ – ART SCIENCE

Аблаев Диас Александрович МЕТОДИЧЕСКИЕ РАЗРАБОТКИ ПО ВОКАЛЬНОМУ ИСПОЛНИТЕЛЬСТВУ (НА ПРИМЕРЕ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ РАБОТЫ НАРОДНОЙ АРТИСТКИ РК Н.Х. ЕСКАЛИЕВОЙ).....	211
Берібаева Динара Дәулетқызы, Салханова Жанат Хамарқызы КИНО ӨНЕРІНДЕГІ ТОТЕМДІК БЕЙНЕЛЕРДІҢ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ.....	217

ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ – ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ НАУКА – PSYCHOLOGICAL SCIENCE

Түлекова Гульмира Мухамеджановна, Букебаева Меруерт Кунанбаевна ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ПОНЯТИЯ СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ ПОДДЕРЖКИ ДЕТЕЙ, НАХОДЯЩИХСЯ В ТРУДНОЙ ЖИЗНЕННОЙ СИТУАЦИИ	221
---	-----

ТАРИХ ҒЫЛЫМЫ – ИСТОРИЧЕСКАЯ НАУКА – HISTORICAL SCIENCE

Абдиханова Алима Жангазиевна, Султанова Валида Илашбаевна ИЗМЕНЕНИЕ ПОЛИТИЧЕСКОГО КУРСА В ОТНОШЕНИИ РЕЛИГИИ И ЕЕ РЕАЛИЗАЦИЯ НА ЮГЕ КАЗАХСТАНА (советский период)	225
---	-----

ГЕОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ – ГЕОЛОГИЧЕСКАЯ НАУКА – GEOLOGICAL SCIENCE

Алматова Баян Газизовна, Жексенбаева Гулмира Мединаевна ТҰЗАСТЫ КЕН ОРЫНДАРЫНДАҒЫ МҰНАЙ-ГАЗ ҰҢҒЫМАЛАРЫНАН МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ГАЗ ЖӘНЕ СУ АЙДАЛУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ.....	230
Алматова Баян Газизовна, Калжанова Асемгуль Бакытовна ВАРИАНТ ПОВЫШЕНИЯ ЭФФЕКТИВНОСТИ ЗАВОДНЕНИЯ ПРОДУКТИВНЫХ ПЛАСТОВ НЕФТЕГАЗОКОНДЕНСАТНЫХ МЕСТОРОЖДЕНИЙ	235

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ - СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ – INFORMATION ABOUT AUTHORS	239
--	------------

ДӘДЕБАЕВ ЖАНҒАРА

Филология ғылымдарының докторы, профессор
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

АЙТБАЕВА КҮННУР БОЛАТОВНА

2 курс магистранты
«Аударма ісі» мамандығы
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

АБАЙДЫҢ «ҚАҚТАҒАН АҚ КҮМІСТЕЙ КЕҢ МАҢДАЙЛЫ» ӨЛЕҢІН ОРЫС, АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНЕ АУДАРУ МӘСЕЛЕРІ

Түйін. Мақала Абай Құнанбаевтың «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» өлеңін түпнұсқадан және жолма-жол аудармадан орыс, ағылшын тілдеріне аудару мәселерін зерттеуге арналған. Мақаланың мақсаты – берілген өлеңнің осы уақытқа дейін жасалған аудармаларының сапа деңгейін анықтау, аудармашылардың шешімдерін бағалау. Мақалада өлеңнің орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармаларының қолда бар нұсқалары салыстырмалы түрде жан-жақты талданады. Алғаш рет аталған өлеңнің көркемдік және мән-мағыналық ерекшеліктерін жеткізудегі аудармашылардың шеберліктері, аудару әдістері мен тәсілдері пайымдалып, Абай өлеңінің орыс, ағылшын тіліне аудару мәселелері жалпы көрсетіледі.

Түйінді сөздер: Абай, поэтикалық аударма, жолма-жол аударма, аударманың баламалығы, мағынаның сәйкестігі.

Резюме. Статья посвящена изучению вопросов перевода стихотворения Абая Кунанбаева «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» [Белый лоб – серебро] с оригинала и подстрочника на русский и английский языки. Цель статьи – определить уровень переводов данного стихотворения, выполненных на сегодняшний день и оценить переводческие решения. В статье выполнен сравнительный анализ имеющихся поэтических переводов стихотворения на русский и английский языки. Впервые применительно к настоящему стихотворению рассматриваются мастерство переводчиков передать художественные и семантические особенности стихотворения, методы и способы их перевода, а также анализируются вопросы переводов стихотворения Абая на русский и английские языки в целом.

Ключевые слова: Абай, поэтический перевод, перевод с подстрочника, эквивалентность перевода, точность значений.

Summary. The article is devoted to studying questions of translating Abai Kunanbayev's poem "Qaqtanaqkumistei ken mandaily" [Her brow is proud] from the original and interlinear translation into Russian and English. The purpose of the article is to determine the quality level of the given poem translations done till nowadays and to evaluate translation solutions. The authors provide a comparative analysis of existing poetic translations of the poem into Russian and English. For the first time ever, concerning the present poem, translators' skills of conveying the literary and semantic features of the poem, methods and ways of their translation have been considered and questions of translating Abai's poem into Russian and English have been analyzed in general.

Key words: Abai, poetic translation, interlinear, translation equivalence, accuracy of meaning

КІРІСПЕ

Ұлы Абай өлеңдері өзге тілде қалай сөйлейді? Бытырдан бері Абайдың 175 жылдық мерейтойына байланысты әлемдік деңгейде Абай өлеңдерін оқу эстафетасы жүріп жатыр. Көбі орысша аудармасын оқиды. Осы уақытқа дейін жасалған аудармалар қандай деңгейде деген сұрақ туындайды. Түпнұсқадағы түпкі ой, бейне басқа тілді оқырмандарға тура жете ме?

Аударма тәжірибесінде өлеңдерді аудару – аудармашы үшін ең қиын және күрделі міндеттердің бірі. Салыстырмалы күйде алғанның өзінде баламалығы жағынан бірдей тілдер жоқ. Ал

«сөздің патшасы» өлең кез келген аудармашы бағындыра алатын шың емес. Алайда аударманың маңыздылығы, қажеттігі барлық ықтимал қателіктерден әлдеқайда асып түседі. Сондықтан көптеген аудармашылар өздігінен немесе тапсырыс берушілер еркімен Абай атамyzдың «болмасаң да ұқсап бақ» кеңесіндей еңбектеніп, өз шамаларына қарай өлеңдерді аударады. Аударманың басты міндеті адекватты болу – поэзия аудармасының да маңызды талабы. Бұл салада қолданылатын «еркін аударма» түрі түпнұсқаның түпкі ойына, мағынасына қол жеткізсе, көбінесе қалған нәрселер кері ысырылады. Түпнұсқаның

стилистикалық ерекшелігі, сөз саптауы, прагматикалық мәні берілмей, өлең аудармашының өз туындысына ұқсап қалуы да мүмкін. Қазақ әдебиеті тарихында Абай өлеңдері сияқты ешқандай өлеңдер көп аударылған емес. Бірақ зерттеулер көрсеткендей, көбінесе Абай өлеңдерінің мәні толық жеткізілмейді. Көп аударма қателермен орындалған. «Аударма қатесі» әдетте өрескел дәлсіздік, нормативтен, стандарттан ауытқу, ережелерден ауытқу, талаптарды бұзу ретінде қарастырылады.

Аударма қателерінің табиғатын анықтау қиын болуы мүмкін, алайда қателерді анықтаудың ең көп таралған тәсілі – аударма мәтінін түпнұсқа мәтінімен салыстыру. Бірақ бұл салыстыру әрдайым сәйкессіздік себебін көрсете алмайды – аудармашы түпнұсқа мәтіннің мағынасын дұрыс түсінбеді ме, әлде аударылатын тілде аудармаға сәйкес келмейтін денативті таңдады ма? Орыс ғалымы Н.К. Гарбовский [Гарбовский Н.К., 2004: б. 99] өз еңбегінде Л.Брунидің аударма қателерінің бір себебі «аудармашының білімінің жеткіліксіздігі» (в недостаточной образованности переводчика) деген пікірін атап көрсетеді. Зерттеуші аударма қателерінің төрт түрін анықтайды, олар мыналарға негізделген: 1) түпнұсқа тілін жеткіліксіз білу; 2) танымдық тәжірибенің жеткіліксіздігі, яғни түпнұсқада сипатталған ұғым туралы білімнің болмауы; 3) мәтіндегі мағыналар жүйесіне немқұрайлы қарау, яғни автордың түпкі ойын түсінбеу; 4) түпнұсқа авторының жеке стилінің ерекшеліктерін ажырата алмау.

Мақалада Абайдың 1884 жылы жазған «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» өлеңінің аудармалары түпнұсқамен салыстыра талданады. Өлеңде ақын талғамындағы сұлулық үлгісі ретінде жас қыз келбеті сипатталады. Өлең алғаш рет 1909 жылы Санкт-Петербургте басылып шыққан «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі» жинағында жарияланды. Өлең орыс, ағылшын, араб, башқұрт, қарақалпақ, қырғыз, өзбек, татар, тәжік, түрікмен, ұйғыр т.б. тілдеріне аударылған. Өлең 11 буынды қара өлең ұйқасымен жазылған, төрт жолдық бес шумақтан тұрады.

*Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы,
Аласы аз қара көзі нұр жайнайды.
Жіңішке қара қасы сызып қойған,
Бір жаңа ұқсатамын туған айды.*
[Абай (Ибраһим) Құнанбаев, 1957: б. 24]

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Өлеңде қыздың кең, аппақ, сызатсыз теп-тегіс маңдайы «қақтаған ақ күміске» теңеледі. «Қақтаған» сөзі Абай тілі сөздігінде «әдемі, көркем» деген ауыспалы мағынада берілген [Абай Тілі Сөздігі, 1968: 364]. Сөздің тура мағынасына үңіле қарасақ, «қақтаған» сөзі күмістің барлық өңдеуден өткізіліп, тазартылған, тегістелген, ағартылған әдемі күйін білдіреді. Екінші жолдағы «аласы

аз қара көз» тіркесі «әдемі қарақат көз» [Абай Тілі Сөздігі, 1968: 318] ретінде қолданылып, қыздың мөлдір әсем қара көздерінің сұлулығын көрсетеді. Ал «нұр жайнайды» метафорасы жас қыздың мөлдіреген жанарына ажарлылық, мейірімділік, әдемілік мағынасын беріп тұр.

Өлеңнің ең алғашқы аудармасы 1940 жылы Мәскеуде басылып шыққан «Абай Құнанбаев. Лирика и поэмы» кітабында М. Тарловский [Абай Құнанбаев, 1940: 36] аударған деп көрсетілген. Тарловский түпнұсқаның алғашқы «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» күрделі теңеу арқылы берілген жолын «Белый лоб — серебро, чей тонок чекан» деп балама (эквивалентті) аударма түрінде аударған. Аударма көркемділік пен мағыналық жағынан ерекше әдемі болып шыққан. Аударманың бірінші бөлігі «Белый лоб — серебро» (ақ маңдай — күміс) эпитетпен келтірілсе, күмісті ары қарай «чей тонок чекан» (нақышы оның нәзік) деп анықтай түскен. «Чекан» «қақтаған» сөзінің дәлме-дәл аудармасы емес, бірақ мүмкіндігінше балама аударма деуге лайықты. Оның үстіне «тонок» сөзінің қосылуы нәзік нақышты деген мағына береді және қақтаған (жылтыр, тегіс, ақ) сөзінің мағынасын да аңғартады. Сонымен «Нәзік нақышталған күмістей маңдай» (Белый лоб — серебро, чей тонок чекан) түпнұсқадағы «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» өлең жолына мағыналық жағынан сәйкес деуімізге болады. Бірақ түпнұсқадағы маңдайға қатысты «кең» сөзі аударылмай қалып кеткен. Кең маңдай эстетикалық жағынан әдемі, ауыспалы мағынада дана, ақылды дегенді білдіреді. Бұл жерде аздаған мағыналық сәйкессіздік бары көрініп тұр. Алайда, түпнұсқаның негізгі мағыналық жүйесіне көп нұқсан келтірілмеген. Екінші тармақтағы «аласы аз қара» жай ғана «глаза» деп аударылса да, оның сипаттамасын және «нұр жайнайды» тіркесін «лучистыми осиян» деп көздер маңдайды жарқыратып, нұрландырып тұр дегендей ойды ұсынады. Бұл да түпнұсқа мағынасынан аса алшақ емес. Бірақ аудармашы бірінші шумақтың соңында қыздың өзін жаңа айға теңеуі, грамматикалық орын ауыстыру ғана емес, сондай-ақ лексикалық дәлсіздік тудырып тұр. Түпнұсқада «жаңа ай» теңеуі қыздың қасының пішіміне сай айтылған. Алайда бұл жерде ол сондай маңызды емес, өйткені аударма ешқандай әсемдікті бұзып тұрған жоқ. Екінші шумақта аудармашы дәлме-дәл аудармадан біраз ауытқып, өз тарапынан түпнұсқада кездеспейтін теңеулер мен сөздер қосқан. Мысалы, *словно выточен, Ожерельем жемчужных, Я люблюсь, от жгучих желаний пьян, Локоть — нежный младенец, что всеми ждан*. Бірақ шумақта айтылған негізгі ойлар – *әдемі мұрын, алқызыл бет, кірсіз тізілген тіс, қызығу* – сақталған. Келесі екі шумақтарында Тарловский өз стиліне салып түпнұсқада кездеспейтін *обман, шафран, подбородок* сөздерін қосқан, ал *адепті, Жұп-жұмыр, Үлбіреген тамағын*

күн шалмайды, Тақтадай жауырыны, Сорақы ұзын да емес, қысқа да емес сөздер мен сөз жолдары аударылмай тасталып кеткен. Түпнұсқадағы бұл өлең жолдары қыз мүсінін толықтыратын мағына еді. Негізі, аударма мағыналық, ұйқастық, құрылымдық жағынан жақсы орындалған. Абайдың бұл өлеңінде поэзия мен кескін өнері белгілі бір мөлшерде тоғыса алғандықтан, Тарловский де өз аудармасын барынша лирикалық-поэтикалық қылып қыз келбетін сипаттауға тырысқан. Аудармада өлеңнің 11 буынды қара өлең ұйқасы сақталған. Бұл ерекше атап өтетін еңбек, өйткені құрылымдық, лексикалық, грамматикалық жағынан еш ұқсастық жоқ қазақ тілінен орысшаға буындық құрылымды сақтап аудару оңай емес.

1944 жылы *Ф. Мүсіреповтің* басшылығымен дайындалған жолма-жол аудармалардың бірнеше нұсқасы Қазақ ұлттық электронды кітапханасында сақталған. Бұлар - Абайдың 100 жылдығына орай орыс тілінде дайындалған «Лирика и поэмы Абая» кітабына жұмыс жазбалары ретінде жасалған жолма-жол аудармалар. Солардың ішіндегі екі нұсқаға тоқталайық:

Широкий лоб как чистое серебро,

Черные глаза струятся лучами.

[Абай (Ибрагим) Кунанбаев, 1944:б. 12]

*С широким лбом словно чеканное серебро,
Черные глаза ее горят (блестят) лучом (без белизны).*

[Абай Құнанбаевтың қолжазбасы, 1944:б. 8]

Мұндағы екінші нұсқа бірінші нұсқаның қолмен түзетілген түрі. Бірінші нұсқа «қақтаған ақ күмістей» теңеуі орнына «как чистое серебро» теңеуі арқылы, «аласы аз қара көздері» тек «черные глаза», «нұр шашады» метафорасы «струятся лучами» болып аударылған. Екінші нұсқа барынша сөзбе-сөз тәржімаланып, мән-мағынасын тура жеткізіп тұр. Бұл аудармалар жолма-жол аударма болып табылатындықтан, поэтикалық ырғақсыз, ұйқасыз жасалған.

Ары қарай Абай өлеңінің *М. Луконин* [М.А. Адибаев, 2006: б. 29] жасаған аударма жұмысын талдап көрейік. Луконин түпнұсқаның кең маңдайды күміске теңеу жолын сақтаған, тіпті «нұр жайнайды» метафорасын да «кидают зной» метафорасы арқылы аударған. Алайда «қақтаған» сөзін «чеканный», «аласы аз»-ды «крупные зрачки», «нұр жайнайды» сөзін «кидают зной» деп аударуы түпнұсқаның мағыналық дәлдігін жоғалтқан. Себебі, «чеканный» сөзі нақышталған, бедерленген деген мағына береді, бұл өңделіп қойған күмісті ары қарай бедер салып, қағып әрлеу үдерісі болғандықтан, ақын суреттеп тұрған тегіс маңдайды сипаттай алмайды. Ал өз жанынан қосқан «резной» сөзі чеканить мағынасын үстемелеп тұр және де қашалған, ойылған деген мағына береді. Бұл Тарловскийдің «тонок чекан» мағынасынан мүлдем алшақ. Аудармада сөз тіркесін дұрыс таңдай білу өнер екендігін осын-

дай мысалдардан байқауға болады. Екі аудармашы да «қақтаған» мағынасын түбірі «чеканить» деген сөзбен аударып тұрса да, олармен бірге қолданып тұрған «тонок» және «резной» сөздері олардың көркемдік және мағыналық ерекшеліктерін анықтайды. Ал «кидают зной» сөзі орыс тілінде «ыстығы көтерілу» дегенді, ары кетсе «күйіп-жандыру» мағынасын береді. Ал түпнұсқадағы «нұр жайнайды» тіпті басқаны білдіреді. Бұл аударма Абай өлеңіндегі ибалы қыздың көзін сипаттамайды, қайта еліктіріп тұрған еркіндеу қызды елестетеді. Келесі екі шумақтың аудармасында, аудармашы өзінің дәлме-дәл аудару стилін күрт өзгертеді, енді аударма түпнұсқаға сәйкес келмейді, өйткені аудармашы өзі басты деп санаған біраз жолдарды ғана тәржімалаған. Соның өзі түпнұсқадағы нәзік, лирикалық мағынаны толық бере алмаған. Абай поэзиясының лирикалық жақтарын ашатын көп сөздер, қыз бейнесін толықтай сипаттайтын сәттер аударылмай тасталып кеткен; мысалы, «Сөйлесе, сөзі әдепті, әм мағыналы», «Үлбіреген тамағын күн шалмайды», «Сорақы ұзын да емес, қысқа да емес, - Нәзік бел тал шыбықтай бұраңдайды». Бұлардың тіпті баламалары да көрсетілмеген. Сондықтан өлеңдегі қазақ қызының әдептілігі, киімінің жабықтығы, белінің нәзіктігі мен дене пішімінің әдемілігі көрсетілмей қалған. Өлеңнің буындық, рифмалық, стильдік көркемділігі сақталмаған, берілмеген. Әр жол болып тұрған аударма бірліктері аса еленбей, атталып, тасталып кеткеннен кейін өлең тым қарапайым болып қалған. Тек өлеңдегі теңеулер ғана өзінің мағынасында қалған, мысалы, *бұлбұл... тәрізді күлкісі, жібек...тәрізді мойны, тақта...тәрізді жауырыны, екі алма... тәрізді кеудесі*. Аудармашы бес шумақтық өлеңді грамматикалық түрлендіру (трансформация), атап айтқанда түсіріп кету әдісін қолданып төрт шумаққа қысқартқан.

Ақын, аудармашы және әскери корреспондент *Вс. Рождественский* [М.А. Адибаев, 2006: б. 30-31] қарастырылып отырған Абай өлеңінің басын былай аударыпты:

Словно месяц, изогнутый в небе ночном,

Отливает сверкающий лоб серебром.

Свет струится из черных, как полночь, очей,

Брови вскинули иссиня-черный излом.

Бұл үзіндіде түпнұсқаның алғашқы екі жолының реттілігі сақталмай аударылған. Аударма бірліктерінің орындары ауыстырылып көрсетілген. Мысалы, «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» жолы аударманың бірінші және екінші жолында аударылған. Бірақ ол түпнұсқа мағынасынан алшақтатылған. «Жарқыраған маңдайға түнгі аспандағы иілген ай күміс құйып тұрғандай» және «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» – бұл екеуі өзара бір-біріне балама бола алмайды. Аудармашының маңдайға берілген сипаттамасы түпнұсқадан басқа. Солай дегенмен де аудармады күмістей жарқыраған маңдай бар. Аударма-

дағы «*иілген ай*» теңеуі өлеңнің келесі тармақтарында (Жіңішке қара қасы сызып қойған, Бір жаңа ұқсатамын туған айды) қыздың қасының пішінін сипаттайтын еді... Сондықтан аудармашының *словно месяц* теңеуін маңдайға қатысты қолданғаны өлеңнің мағыналық-құрылымдық ретін бұзған. Түпнұсқадағы маңдайдың «*қақтаған*», «*ақ*», «*кең*» деген сипаттары, ерекше белгілерін аудару қажеттілігі аудармашы назарынан тыс қалған. Алғашқы шумақтың екінші жолындағы «*Аласы аз қара көзі*» тіркесін аудармашы «*черные, как полночь, очи*» деп аударған. Қара түске үстеме мағына беретін «*как полночь*» теңеуі қолданған. Ал «*очи*» сөзі «*көз*» (*глаз*) сөзінің көнерген синонимі болғандықтан, Абай заманына сай орынды сөз сияқты әсер қалдырады. Екінші шумақтың да аудармасы түпнұсқадан дұрыс аударылмаған, жай нобайлап келтірілген. Сондай-ақ аудармашының «*тіл байлау*» метафорасын «*удивление очам*» деп аударғанын көреміз. Түпнұсқада да *тіл байлану* таң қалудың көрінісі деп қабылданып тұрғандықтан, бұл аударма бірлігі дұрыс баламада аударылып тұр. Луконин тәрізді Рождественский де тістерді маржанға теңеп, жылтырайды деп аударған. Түпнұсқада олай айтылмаған, тек «*кірсіз*» деп тістерінің ақтығы мен тазалығын меңзеген. Алайда «*қолмен тізу*» тіркесі көбінесе маржанға қатысты қолданғандықтан екі аудармашының да тістерді өздіктерінен маржанға теңеуі дұрыс болып саналады. Ал «*Сердце, видя улыбку, пьянеет*» аудармашының таза өз метафорасы. Келесі шумақтардан, аудармашының аса тырысып өздігінен көптеген артық теңеулерді қосқанын көреміз; мысалы, *тонкий лепет ручья, смех заливчито длится, шея... гибка и тонка, величествен вид, взор открыто глядит, камышинкою легкой сгибается стан* деген сияқты. Теңеулер орыс тілінде кездесетін эквиваленттермен аударылған; мысалы, *нежна – адепті, умна – мағыналы, камышинкою – шыбықтай*, сөздерінің орнына. Сонда да мән-мағыналық жағынан өлең байытылмаса, кедейленген жоқ. Бұл еңбек көркем аударманың поэзия түрі болғандықтан, автордың көркем-әдеби образ жасаудағы еркіндігі айқын байқалады.

Абай шығармашылығын зерттеуде, өлеңдерін аударуда атаулы еңбек сіңірген ақын, аудармашы, сыншы М. Адибаев та [М. Адибаев, 2006: б. 34-35] талданып отырған Абай өлеңінің алғашқы жолдарын еркін аудармамен бастаған. «*Қақтаған ақ күмістей кең маңдайдың*» орнына «*Высокий лоб — живое серебро*» деген. Орыс тілінде «*живое серебро*» деп «*сынапты*» [Словари и энциклопедии на Академике, bynthytn] айтады. Тіпті бұл ауыспалы мағына беріп, сынаптың күмістей жылтырлығын, сусылдап тұратын қасиеттерін сипаттап тұрса да, қазақ тілінде «*сынаптай*» деп «*жылдам, тез*» уақыт аралығын айтады. Сондықтан бұл аса дұрыс аударма болмай тұр. Ал «*кең маңдай*» мен «*высокий лоб*» мағынасы жағынан

ұқсас. Адибаев та Тарловский тәрізді «*қара көздер маңдайды нұрландырып тұр*» деп аударған. Өлеңнің келесі шумақтарын аудармашы барабар аударуға тырысқан, өз жанынан бір-екі теңеу сөз қосқанымен, барлық мағына тура сақталған. Мысалы, *как жемчуга, а не бязь, как чинара* сөздері түпнұсқада кездеспейтін сөздер. Сонымен, алғашқы жолдағы «*қақтаған ақ күмістей*» мағынасын шамалап қана бергені болмаса, қалған аудармасында аудармашы эквивалентті аударма тәсілін қолданып, өлеңнің семантикалық жағын, әдемі лирикалық теңеулерін бұзбай жақсы аударған.

Берілген өлеңнің тағы бір жолма-жол аудармасын К. Досжан [М. Адибаев, 2006: б. 27-28] келесідей жасаған:

*Лоб словно серебро, расплавленное над огнем,
Светом блещут сияют глаза, в которых
нет ненависти /нежный взгляд/.*

Бұл жолма-жол аудармада «*қақтаған*» және «*кең маңдай*» сөздерінің мағыналары берілмеген. «*Балқытылған*» (*балқыту*) сөзі «*қақтаған*» (*қақтау*) сөзінің эквивалентті аудармасы бола алмайды. «*Балқыту*» тек «*еріту*» дегенді білдірсе, ал «*қақтаған*» сөзінің мағынасы кең. Екінші жолдағы «*Аласы аз қара көзі*» сөз тіркесі «*онда жек көрушілік жоқ (нәзік көзқарас)*» деп аударылып, интерпретацияланған. Бұл жерде қазақтың «*ала көз ~ ала көзбен қарау*» деп жақтырмайтын, мейірімсіз, жек көрінішті, кінәлап, сөгетін [Русско-казахский словарь, интернет-ресурс] көзқарасты сипаттайтындығына байланысты, аудармашы «*Аласы аз*» дегенді көзінде «*нет ненависти*» (жек көрушілік жоқ) деп аударып, тіпті «*нежный взгляд*» (нәзік көзқарас) деп жақшаның ішінде түсіндірме береді. Досжан бұл жерде *аласы аз көз* тіркесін *ала көз* түсінігімен баламалап, басқа жанама мағына берген. Қазақ тілінде көзге қатысты тіркестер жетерлік, мысалы, *көздің ағы мен қарасындай (аяулы), ала көз (ашуланған кездегі көз сипаты)* т.б. Ал Абай өлеңіндегі *аласы аз* сөзі көздің ақ түсі мен қара түсінің әдемі тепе теңдігін сипаттайды. Абай тілі сөздігінде «*Аласы аз қара көзі*» мөлдір, әдемі қарақат қара көз деп көрсетілген. Бұл тура мағынада қолданылған сөздер. Ал «*Ақша жүз, алқызыл бет*» — «*Лик как восходящая заря*» деп теңеп аударған. Өте әдемі теңеу, бірақ Абай өлеңінде бұлай айтылмаған. «*Әм мағыналы*» деген сипаттама «*нет пустого*» деп дәлме-дәл аударылмай, түсіндірме арқылы жеткізген. Бірақ бұл жерде орыс тіліндегі *мағына* сөзінің көптеген аудармаларын бірін қолданған жөн болар еді. Мысалы, *смысл; значение; содержание; суть; толк.* Өлеңнің қалған жолдарын аудармашы түпнұсқадан жолма-жол аударуға тырысқан, өз тарапынан ешқандай жаңа теңеу, сипаттама сөздер қоспаған. *Іш қайнайды* деген фразеологиялық тіркесті *сөзбе-сөз нутро опалит (ішті күйдіреді)* деп көрсеткен. Абай тілі сөздігінде *іш қайнау* — *қызығу, таңданып қарау*

мағынасын білдіртсе, орыс тілінде фразеология болып табылмайтын *нутро опалить* деген аудармашының өзінің сөз тіркесі – *қызғану* деп тұрғандай. Сондай-ақ, *иығы тік* сөз тіркесі аударылмай тасталып кеткен, асыра мағына беріп тұрған *сорақы* сөзінің де аудармасы, баламасы көрсетілмеген. Негізі, бұл аударма Абай өлеңінің мағынасын, көркемдік стилін орыс тілді оқырманға тура жеткізуі тиіс сөзбе-сөз аударма болуы керек еді, бірақ бұл толыққанды жолма-жол аударма бола алмай, түпнұсқаның дәлдігін жоғалып тұр.

Келесі, Т. Рапопорт [Т. Рапопорт, 2018: 6. 30] Абай - өлеңдерін соңғы кездегі аударған орыс аудармашыларының бірі. Өзінің кітабында көрсеткендей, аудармашы ғаламтор желісінен Абай өлеңдерінің жолма-жол аудармаларын тауып, соларды орыс тіліне тәржімалаған. Ол еңбегін қаншалықты жемісті, яғни орыстілді оқырмандарға түпнұсқа мазмұнын қаншалықты жақсы жеткізе алғандығын көру үшін, аудармасына семантикалық, құрылымдық талдау жасап көрейік. «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» - «Лоб отлит в серебро» деп қарабайыр, қысқа аударылған. Әйтеуір күміс бар, маңдай бар аударма болып тұр. Рапопорт маңдайды мүсінші еңбегіндей көрсеткен, бірақ Абай зергердің шебер жұмысын айтады. Екінші жол «Аласы аз қара көзі нұр жайнайды» дегенді Рапопорт тіпті үш жол қылып, әсірелеп аударған. Түпнұсқадағы көрсетілмеген жақсылық, мейірім нұрын шашқан көздерді келтірген. Негізі, бұл түпнұсқаға дұрыс түсініктеме болып табылады. Абай да қыз көзінің мейіріммен нұр шашатынын меңзеп тұрғандай... Түпнұсқаның 11 буындық жол құрылымы сақталмаған, 6-7 буынмен 8 жолдық шумақ күйінде берілген, сондықтан аударма бірліктері тым көбейген. Ары қарай аудармашы қас туралы жолдарда өзіне еліктіріп (*маня за собой*) деген артық жолмен толықтырып, өздігінен (немесе өзі қолданған белгісіз жолма-жол аударма бойынша) *арай* (заря), *тектілік* (благородство), *періште көзқарасы* (ангелский взгляд), *маңғаз мүсін* (величавая осанка), *жас шілдің кеудесі* (грудь молодой курапатки) деген сөздерді пайдаланған. Алайда бұлар қажетті көркемдік әсер бере алмай тұр. Әрине, Абай өлеңдерінің орыс тіліне қайта аударылып жатқаны көңіл қуантады, алайды бұл ақынның түпнұсқа тілінен емес, жолма-жол аудармадан поэтикалық аударма жасауы басқа орыс аудармашыларының еңбегінен еш артық болып тұрған жоқ. Қайта түпнұсқаның мағыналық қуаты, көркемдік ерекшелігі, құндылығы жоғалып кеткен.

Жоғарыда өлеңнің түпнұсқадан және жолма-жолдан орысшаға аударылған нұсқаларын талдадық, енді осы өлеңді орыс тілінен ағылшынға аударған *Ольга Шатце* (Olga Shatse) еңбегін қарастырайық.

Her brow is proud and clear as polished silver,

Her eyes are dark and shed a tender light.

[Abai Kunanbayev, 1985:6. 11]

Алғашқы жолдың аудармасы «*Маңдайы тақаппар және жылтыратылған күміс сияқты таза*» деп түсіндіру арқылы аударылған. «*Кең*» сөзі ғана «*тақаппар*» деп басқаша аударылып тұр. Ал «*жылтыратылған таза күміс*» мағыналық жағынан «*қақтаған ақ күміске*» жақын келеді. Ал «*Аласы аз қара көз*» тек қысқаша «*қара*» немесе «*қараңғы*» (*dark*) деп келтірілсе, «*нұр жайнайды*» метафорасы «*нәзік сәуле шашады*» (*shed a tender light*) деп аударылған. Бұл мағыналық жағынан түпнұсқаға сәйкес және құлаққа жағымды естіледі. Өлең сөздері жақсы ұйқасып, түпнұсқаның әуезділігі, рифмасы сақталған.

Аудармашы өз тарапынан тек келесі теңеулер мен сөздерді қосқан; «*Піл сүйегі түсіндей бетінде жас раушандар гүлдейді*» (*Fresh roses bloom upon her ivory cheek*), «*Оның күлкисін бұлбұл қайталай алмайды*» (*Her laugh a nightingale could not recite*), «*бұраң және ақ мойындары бар аққуларды...*» (*swans with necks as supple and as white*), «*Тісмері - інжудей, жарқыраған екі қатарға мизілген*» (*Her teeth are pearls, set in two gleaming row*), «*денесі жүзім сабағындай иілгіш*» (*Her body is as pliant as a vine*), «*Сұлулықта сирек (кездеместін), әрине, ол - үлес (қазына)*» (*In beauty rare, indeed, she is invest*). Аудармашының қолданған осы сөз тіркестері мен теңеулері өлеңге көркемдік поэтикалық мағына беріп тұр, сондықтан өте орынды болып табылады. Өлеңнің басқа жолдары түпнұсқаға мейлінше жақындатылып аударылған. Мағыналық мазмұны толық сақталып тұр. Әрине, аударма, оның ішінде поэзиялық аударма болғандықтан, кейбір сөздері түпнұсқаның ұлттық калоритін тура бере алмайды. Алайда аудармашы эквивалентті аударманы барынша дұрыс қолданған. Тек кейбір сөздер семантикалық жағынан ерекшеленеді. Мысалы, *Маңдайы тақаппар* (*Her brow is proud*) ~ *кең маңдайлы дегенді; жылтыратылған күмістей таза* (*clear as polished silver*) ~ *Қақтаған ақ күмістей сөз тіркесін; Оның көздері қара (қараңғы)* (*Her eyes are dark*) ~ *Аласы аз қара көзі орнына; Піл сүйегі түсіндей бетінде жас раушандар гүлдейді* (*Fresh roses bloom upon her ivory cheek*) ~ *Ақша жүз, алқызыл бет үшін; Оның әсем қашалған мұрны бар* (*She has a delicately sculptured nose*) ~ *Маңдайдан тура түскен қырлы мұрын сипаттамасын; Оның күлкисін бұлбұл қайталай алмайды* (*Her laugh a nightingale could not recite*) ~ *Күлкісі бейне бұлбұл құс сайрайды жолын; Кеуделерінің піскені және қаттылығы алмалар тәрізді* (*As ripe and hard as apples are her breasts*) ~ *Екі алма кеудесінде қисаймайды дегенді балама аударма арқылы суреттейді. Сондай-ақ, түпнұсқаның кейбір жерлері аударылмай тасталып кеткен. Мысалы, Үлбіреген тамағын күн шалмайды; Тақтадай жауырыны бар, иығы тік; Сорақы ұзын да емес, қысқа да емес.* Бұл жолдар қазақ ұлтының

сұлулыққа талғамын сипаттайтын сөздер болып табылады. Нәзік күтімді терілі, денесін тік ұстайтын, орта бойлы қыздың суреті айтылмай отыр. Және де келесі фразеологиялық тіркестер аударылмаған: *Тіл байлайды, іш қайнайды*. Бұл түпнұсқа стилін ерекшелендіретін сөз тіркестері еді. Бұл тіркестер қыздың алқызыл беті мен тізілген тістеріне қызығушылықты суреттейді, ақынның ішкі сезімін сипаттайды. Бұл аударманың жетістіктері: түпнұсқаның шынайы мағынасы, сөздерінің әсемдігі мен лирикасы барынша жеткізілген. Өлең сөздері жақсы ұйқасып, түпнұсқаның әуезділігі, рифмасы мейлінше сақталған.

ҚОРЫТЫНДЫ

Біздің мақаламызда Абай Құнанбаевтың «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» өлеңінің түпнұсқадан орыс тіліне 3 жолма-жол аудармасы, орысша жолма-жол аударма негізінде орындалған 4 орыс, түпнұсқадан тікелей аударылған 1 орыс және 1 ағылшын тіліндегі көркем аудармалары қарастырылды. Түпнұсқа мен оның аудармалары арасындағы мағыналық, құрылымдық ерекшеліктерге мән берілді. Өз тарапымыздан өлеңнің алғашқы екі жолының жолма-жол орыс және ағылшын тілдеріне аудармалары жасалды. Оның үлгілері мынандай:

Широкий лоб подобно белому шлифованному серебру,

Ясные черные глаза излучают свет.

*A wide forehead is like polished white silver,
Clear black eyes shine light.*

Авторлық көзқарас негізінде ойға түйгеніміз, ұлы Абай өлеңдерін аударуда ақынның түпкі ойын, даналығын басқа тілде толықтай, тура жеткізу оңай емес. Оған қазақ тілінің басқа тілдерден, мысалы, орыс, ағылшын тілдерінен грамматикалық, лексикалық, құрылымдық айырмашылықтары, Абай философиясының тереңдігі, дана ақынның сөз саптауы, бейнелеу құралдары, ұлттық калорит, діл мен дін айырмашылықтары, аудармашылардың түпнұсқа тілін түсінбеуі, т.б. себеп. Көп аудармалардың түпнұсқадан тікелей емес, жолма-жол аудармадан жасалуы да соның салдары болып табылады. Ал жолма-жол, дәлме-дәл, сөзбе-сөз аудармалар ешқашан толыққанды көркем аударма бола алмайды. Алайда қолда бар дүниені қастерлеп, аудармашылар еңбектерін құрметтеп, оларды салыстырмалы түрде қарасақ, Тарловский аудармасы мазмұны мен пішіні жағынан түпнұсқаға жақын аударма болып табылады. Ал жолма-жол аударма дәлдігі Ғ.Мүсірепов басшылығымен жасалған қолжазбалардағы аудармада жақсы берілген.

Өлеңнің аудармалары түпнұсқаның түпкі ойын, ақынның сөз қолдану шеберлігін лайықты жеткізе алмайды. Зерттеу, саралау, зерделеу, мағынасы мен мәніне терең бойлау негізінде өлеңнің жаңа сапалы аудармаларын жасау - алдағы күндердің міндеті.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Абай (Ибрагим) Құнанбаев. Рукопись подстрочного перевода на русский язык к сборнику «Лирика и поэмы», Алма-Ата, 1944 – 214с.
- 2 Абай (Ибрагим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жыйнағы. 1-Том, Өлеңдер мен поэмалар, Алматы: Қазақтың Мемлекеттік Көркем әдебиет баспасы, 1957 – 368 б.
- 3 Абай Құнанбаев. Лирика и поэмы, Москва: Государственное издательство «Художественная литература», 1940 – 208 с.
- 4 Абай Құнанбаев. Поэзия/Т. Рапопорт, Киев: «Мультимедийное издательство Стрельбицкого», 2018 г. – 32 с.
- 5 Абай Құнанбаевтың қолжазбасы. 4000 строк подстрочного перевода на русский язык. Алма-Ата, 1944г.– 298 с.
- 6 Абай Тілі Сөздігі, Алматы: Қазақ ССР-нің Ғылым баспасы, 1968 – 734 б.
- 7 Абай. Тридцать семь стихотворений/Сост. и пер. М.Адибаев – Алматы: Дом Печати Эдельвейс, 2006 г. – 440 с.
- 8 Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, 1995 – 720 б.
- 9 Гарбовский, Н.К. Теория перевода: Учебник. — М.: Изд-во Моск. ун-та, 2004. – 544 с.
- 10 Русско-казахский словарь, URL: <https://sozdik.kz/>, интернет-ресурс
- 11 Словари и энциклопедии на Академике, URL: <https://dic.academic.ru/>, интернет-ресурс
- 12 AbaiKunabayev. Selected poems. Translated from Russian, Alma-Ata: “Zhazuzhy”, 1985– 176 pp.